«ЭлитИнвест-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ҚР, Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы, 194 квартал №2140
Тел: 87011886334. E_mail: elitinvest_b@mail.ru
БСН:140840023342, ИИК:KZ0396516F0008042236
БИК:IRTYKZKA, АО "ForteBank"

ЭЛИТИНВЕСТ-Б

Товарищество с ограниченной ответственностью «ЭлитИнвест-Б»

РК, город Шымкент,
Каратауский район, квартал 194, №2140
Тел: 87011886334. E_mail: elitinvest_b@mail.ru
БИН: 140840023342, ИИК:KZ0396516F0008042236
БИК:IRTYKZKA, АО "ForteBank"

Шымкент қаласы «28» мамыр 2019ж.

шығыс №21

ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы
А.Қ. Ахметов мырзаға

«ЭлитИнвест-Б» ЖШС-нің директоры Рсалиев Бакытжан Куанышовичтен,
тел: +7 701 188 63 34

ШАҒЫМ

«Төлеби аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік сатып алу веб-порталында 26.02.2019 жылы жарияланған *№3109241-2, «Ғимаратты ағымдағы жөндеу жұмыстары»* конкурсына қатысуға «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-гі өтінім берген.

21.05.2019 жылғы №2985978 қорытындылар туралы хаттамасы бойынша конкурстың жеңімпазы болып «АНАР-АСЕМ» ЖШС-гі танылған.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» (әрі қарай – Қағидалар).

Қағиданың 174-1 тармағында: «Әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстар мен құрылыспен байланысты емес жұмыстарға конкурсқа қатысуға арналған өтінім бағасы конкурсқа бөлінген бағадан **қырық пайыздан аса төмен болған жағдайда демпингтік болып тынылады**». Ал, Қағиданың 178-1 тармағында: **«Осы Қағидалардың 174-176-тармақтарымен көзделген жағдайларда демпингтік баға ұсынуға рұқсат етілмейді»** делінген.

Алайда, «АНАР-АСЕМ» ЖШС-гі, «Жол Болсын» ЖШС-гі, «Kaz Tau Group» ЖШС-гі, «Ерасыл-Құрылыс 2013» ЖШС-гі, «Арнұр Құрылыс Сервис» ЖШС-гі мен «Табысты-БСБ» ЖШС-рі Қағиданың 174-1, 178-1 тармақтарының талаптарын сақтамағанына қарамастан конкурстық комиссия мүшелері негізсіз конкурсқа қатысуға рұқсат берген.

Конкурстың қорытындылар туралы хаттамасында конкурстық комиссия мүшелері әлеуетті өнім беруші «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-нің шартты жеңілдіктерін есептеу барысында 2014ж. (3объект), 2015ж. (3объект), 2016ж. (3объект), 2017ж. (3объект) 2018ж. (4объект) жұмыстардың құжаттарын Қағиданың талаптарына сай ұсынғанына қарамастан, негізсіз 5% пайыз мөлшерінде шартты жеңілдіктерін кем есептеген. Нәтижесінде конкурстық комиссия мүшелері Қағиданың 155 тармақтарының талаптарын сақтамаған.

Осыған байланысты ҚР «Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 7-11 бабтарын басшылыққа алып

сұраймын:

1. Осы шағымда көрсеткен «АНАР-АСЕМ» ЖШС-гі, «Жол Болсын» ЖШС-гі, «Kaz Tau Group» ЖШС-гі, «Ерасыл-Құрылыс 2013» ЖШС-гі, «Арнұр Құрылыс Сервис» ЖШС-гі мен «Табысты-БСБ» ЖШС-не Қағиданың 174-1 және 178-1 тармағының талаптарын сақтамағаны үшін конкурсқа қатысуға жібермеуіңізді және 21.05.2019 жылғы №2985978 қорытындылар туралы хаттаманы күшін жойып қайта қарауыңызды.
2. Қағиданың 155 тармағының талаптарына сәйкес «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-не 5 жыл жұмыс өтіліне байланысты 7,2% пайыз және сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын сертификатқа 2% пайыз, қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын сертификатқа 1% пайыз шартты жеңілдіктерін қоса есептеп, нәтижесінде 10,2% пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік беруіңізді.
3. Өтініш бойынша Заңды көзделген мерзім ішінде жауап беруіңізді.

Құрметпен «ЭлитИнвест-Б»
ЖШС-нің директоры: **Б.К.Рсалиев**